



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№7 (1394)
11 наурыз
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

“Күлжісі – Күн, Жаны – Нұр, Сәлемі – Ән, Мен Арумын – Әлемнің Анасымын!”

Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай 4 наурызда ҚазҰУ қалашығындағы Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайын әуезді ән, көңілді күй кернеді. Көктемгі құлпырған қызғалдақтай жүздері бал-бұл жанып, көздері нұрдай жайнаған аруларымыз дәл осы күні тіптен сұлулана түскендей. Дәл осы күні нәзік жандарға деген азаматтар ілтипаты, сыйластық пен ізгілік қасиеті ерекше бір мәнге бөленді. Кештің көркін келтіріп, мерейін арттырған өнерпаз қатысушыларды университеттегі оқытушы-профессорлар құрамы, проректорлар, ректорат қызметкерлері, бөлім бастықтары, факультет декандары, декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары арасындағы ерлер тобы қамтыды. Ардақты апа, аяулы ана, сүйікті қарындас мерекесіне арнап тек ер азаматтарымыздың өнер көрсетуі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихында тұңғыш рет білім ордасының ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының идеясымен жүзеге асып отыр.



Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына ағылған көрермендер легі ерекше көңіл күйге бөленген. Бұл күні ардақты әжелерімізге, аяулы аналарымыз бен сүйікті қарындастарымызға арналған әсем ән мен тәтті күйдің серілер тарапынан өлшеусіз жырланып, есепсіз ағылғаны көктемнің көркін келтірді.

“Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды”, -

деп Абайша шырқап сахна төріне көтерілген серіге қосыла орыс классигі А.С.Пушкин өлеңдерінен сұлулықты жырлаған, әйел көркемдігін жырға қосқан шумақтар оқылғанда сарай ішін бір тыныштық тербеп, ана құдіреті, сұлулар нәзіктігі көрермен көз алдына көркемделіп “сұлулық – әлемді құтқарады” немесе “әйел – бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді” деген тұжырым мәні асқақтай түсті.

(Жалғасы 3-бетте)

Хайыржан Бекхожин – 100 жаста



4 наурыз күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ректорат мәжілісі залында Қазақстан журналистика Академиясы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті, Бұқаралық коммуникацияның тарихы мен теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен Хайыржан Нұрғожаұлы Бекхожиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Хайыржан Бекхожин – қазақ журналистикасы білімі мен ғылымының негізін салушы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Х.Н.Бекхожин (1910-1979) – отандық журналистика ғылымы мен білімінің ірге тасын қалаушы, көрнекті қазақ журналистерінің бірі. Ол 1929-39 жылдары «Кеңес туы» және «Колхоз» (Павлодар), «Екпінді» (Семей) аймақтық басылымдарында журналистік қызмет атқарды. 1942 жылы ҚазҰУ-дың журналистика бөлімін тәмамдады. 1943 жылдан бастап Отан соғысы аяқталғанға дейін Қостанай облыстық «Большевиктік жол»

газетінде редактор болып еңбек етті. 1945 жылдан өмірінің соңғы сәттеріне дейін ҚазҰУ-дың большевиктік баспасөз теориясы мен тәжірибесі кафедрасында аға оқытушы, 1945 жылдың 1 маусымынан факультет деканы, 1948-1976 жылдар аралығында журналистика тарихы кафедрасының меңгерушісі және профессоры болды.

(Жалғасы 2-бетте)

Формирование системы менеджмента качества университета

24 февраля отделом менеджмента качества и информационно-аналитических исследований был проведен очередной семинар-практикум по разработке и внедрению системы менеджмента качества в структурные подразделения университета.

Успешное функционирование современного университета невозможно без создания эффективной системы менеджмента, имеющей своей целью повысить качественные показатели всех видов его деятельности – учебно-организационной, учебно-методической, научно-исследовательской и воспитательной. Успех в значительной степени будет зависеть от постепенной, поэтапной организации процесса создания, внедрения, сертификации и поддержания СМК в актуальном состоянии. Важно суметь

показать результативность внедрения идей менеджмента качества в университете, одновременно воспитывая персонал в духе приверженности идеям менеджмента качества.

Наш университет задачу создания СМК объявил как стратегическую. В течение последних лет в университете активно внедряется система контроля качества образовательного процесса в соответствии с требованиями ИСО 9001-2000.

(Продол. на 4 стр.)

ИГІС
«Ел болам десең бесігіңді түзе», - дейді халық даналығы. Бұл дегеніміз мемлекеттің, ұлттың болашағы үшін, ең алдымен, оның жас ұрпағының тәрбиесі мен оларға деген қамқорлық туралы айтылған сөз болса керек.

Жастарды әлеуметтік қолдау күшейе түсті

Тәуелсіз еліміздің тұғырын нығайтуда ел жастарының ең білімді, ең белсенді буынын тәрбиелеп келе жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да студенттерге терең білім мен тәлімді тәрбие беріп қоюмен қатар, олардың әлеуметтік жағдайына да үлкен мән беріп келеді. Мәселен, осы жылдың 24 қаңтарында университеттің үлкен Ғылыми кеңесінің шешімімен студенттерге оқу ақысын төлеуге 25 пайыз жеңілдік жасалғанын үлкен мақтанышпен атап өтуге болады. Осы шешімге сәйкес оқу үлгерімі үздік болып табылатын GPA көрсеткіші 4.00-ге тең студенттер келесі семестрде келісімшартта көрсетілген оқу ақысын 25% жеңілдікпен төлеуге мүмкіндік алса, GPA көрсеткіші 3.67-4.00-ге дейінгі, қабілетті, ғылымға бейімі бар, бірақ «канағаттанарлық» деген бағалары жоқ студенттер 15 %, ал GPA көрсеткіші 3.67-4.00-ге дейінгі ата-анасы мүгедек, немесе толық жетім және мүгедек студенттерге де 25 % жеңілдік қарастырылған. Осыған орай қазіргі күні барлығы 37 студент аталған жеңілдік иелері ретінде танылып отыр.

Бұл шараны жастарымыз университет басшылығының студенттерге жасалған үлкен қолдауы деп қабылдайды. Бүкіл қоғамда соңғы жылдардағы әлеуметтік мәселелер айрықша қамтылған құжат ретінде бағаланып жатқан Елбасының биылғы Жолдауында да жастарға әлеуметтік қолдау көрсету бағыты баса айтылғаны белгілі. Осы орайда аталған шараның Елбасы тапсырмаларымен үндесіп жатқаны айқын.

Жалпы, ҚазҰУ-да өз студенттеріне әлеуметтік қолдау көрсету мен ынталандыру шараларын жүзеге асыру дәстүрлі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, университетімізде тұрақты түрде жыл сайын «Д» есепте тұрған және жетім студенттерге тамақтануға арналған қосымша ақы төленеді, сонымен қатар жетім балалар жатақханаға кезексіз өрі тегін орналасады. Әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген отбасыларынан шыққан студенттерге тұрақты материалдық көмек көрсетіледі. Бұл көмектер университет және «Сұңқар» студенттік кәсіподағы тарапынан да тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жыл сайын бірінші курс студенттеріне ректор гранты және атаулы шәкіртақылар да тағайындалған. Мәселен, биылғы бекітілген 79 атаулы шәкіртақының 32-сі спортшы студенттерге тағайындалған. Университетімізде қазіргі таңда 17 спорт секциясы студенттер үшін тегін жұмыс жасайды.

(Жалғасы 2-бетте)

ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

Жақында философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық психология кафедрасының ұйымдастыруымен жарқын тұлға, мемлекет және қоғам, университет қайраткері, академик Т.Т. Тәжібаевтың туған күніне арналған «Төлеген Тәжібаев шығармашылығындағы патриоттық тәрбие мәселесі» атты дөңгелек үстел өтті.

шығармашылығындағы патриоттық тәрбие



Жастардың патриоттық рухын қалыптастыру және корпоративті мәдениетті дамыту саласындағы қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыру жолында Қазақстандағы патриоттық тәрбие жағдайы мен даму тенденцияларын талқылау жиынның басты мақсаты болды.

Дөңгелек үстелді факультет деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Т.Құлсариева басқарды. Сонымен қатар педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Жарықбаев, профессор Ж.Т.Түрікпенұлы, профессор С.Т.Темірбеков, журналист-жазушы Ж.Мамадияр, мүсінші Т.Бинашев, Т.Тәжібаевтың туыстары және факультеттің оқытушылары мен студенттері де өзара пікір алмасып, белсене қатысты.

Дөңгелек үстелге ұйытқы болған тақырып Т.Т.Тәжібаев шығармаларындағы патриоттық тәрбие, Қазақстандағы жастар тәрбиесінің жағдайы мен дамуы, патриоттық рухты қалыптастыру мәселелері (психологиялық астары), ұрпақтар сабақтастығы және корпоративтік рух мәселелері төңірегінде болды.

Дөңгелек үстел барысында А.Т.Құлсариева Т.Тәжібаевтың өмір жолы кімге де болса үлкен енеге екендігін, ірі ұстаз ғана артына ірі шәкірттер қалдыратындығын, ел тарихындағы сұрапыл жылдар қиыншылығында болаттай беріктік танытудың азаматтық ерлік болатындығын баса айтты. Т.Т.Тәжібаев елжандылығын тек сөзімен ғана емес, ісімен дәлелдегенінің айғағы ретінде орталыққа (Мәскеуге) рухани тәуелділіктен босаудың бір діңгегі — идеология саласының мамаңдарын өз елімізде даярлау қажеттігін сезініп, қазіргі философия және саясаттану факультетінде тоғысқан бірнеше

мамандық түрлеріне кафедралар ашудан бастап, оны факультет ретінде өсірген.

Профессор Құбығұл Бозайұлы Т.Тәжібаевтың ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында оған аса жауапты қоғамдық-мемлекеттік дипломатиялық қызметтер атқаруға тура келгендігі туралы айтты. Сонымен қатар, отандық психология ғылымының қазақ топырағында іргетасының берік қалануына да ерекше ықпал жасағанын айтып өтті.

Ал, профессор Жолмұқан Түрікпенұлы Т.Тәжібаевтың жұмыс жасау тәсілі туралы сөз ете келе, ол кафедраның, ректораттың, Ғылыми кеңестің отырыстары мен мәжілістерінде пікірін ашып айтатынын, тыңдау кезінде шыдамдылық пен сабырлық танытатынын айтып өтті. Т.Тәжібаев қолына алған қай ісіне де батыл кірісетіндігі, «Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу және соған сүйене отырып, оның одан да жақсы болуына көмектесу», — Т.Тәжібаевтың өмірлік басты ұстанымы болғандығы айтылды.

Мамадияр Жақып Т.Тәжібаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1948-1953 жылдар аралығында ректор болғандығы туралы, оның басшылық жұмысындағы ерекше ұйымдастырушылық қабілетін және университеттегі «Қазақ

университеті» газетінің жарық көруіне себепкер болғандығын ерекше еске алды.

Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие мәселелері қоғам дамуының жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында қайта құрылу мен тәжірибелік міндеттерді айқындау кезеңін басынан кешіруде. Дөңгелек үстел барысында зерттеу университетіне ауысу үдерісіндегі патриоттық тәрбие мәселелерін шешуде интеллектуалдық әлеует, жаңа инновациялық бағыттарды қалыптастыру сынды сұрақтар талқыланды.

Қазіргі біздің жастарға Т.Тәжібаевтың өзіне тән ішкі мәдениеті, білімділігі, барлық жағдайлардағы ұстамдылығы мен адамгершілігі үлгі болып қалуы мен жастарды жоғары білімді, өздігінен дербес шешім қабылдай алатын, елінің тағдыры үшін жауапкершілікті сезіне алатын азаматтарды тәрбиелеуде өте құнды. Оның рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесінің маңызы өте зор болып қала бермек. Ал Т.Тәжібаев қазіргі жастарға, болашақ ұрпаққа ізгі жол сілтеген халқымыздың мақтаулы ұлы екені даусыз.

Э.К. ҚАЛЫМБЕТОВА,
Философия және саясаттану факультетінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

(Басы 1-бетте)

Х.Н.Бекхожин — ұлттық баспасөзіміздің тарихы бойынша тұңғыш кандидаттық және докторлық диссертациялар жазды. Докторлық диссертациясын 1964 жылы жарық көрген «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» атты монографиясы бойынша даярлап, ғылыми баяндама түрінде қорғады.

Х.Н.Бекхожиннің XIX ғасырдың басында жарық көрген тұңғыш журнал «Айқап» туралы жазылған зерттеу еңбегі — кеңес дәуіріндегі ғылымға қосылған үлкен жетістіктердің бірі.

Бұл күндері Х.Н.Бекхожиннің бастама-сымен 1948 жылы құрылған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика тарихы кафедрасының құрылғанына 63 жыл толып отыр. Кафедра 2010 жылдың 1 қыркүйегінен Бұқаралық коммуникацияның тарихы мен теориясы деп аталады.

Хайыржан Бекхожин — 100 жаста

Хайыржан Бекхожин қазақ журналистикасындағы бірнеше ұрпақты қалыптастырды, ұстаздық етті. Ғалымның өз білімін келер ұрпаққа жеткізген қайталанбас тұлғалық келбет конференцияға келген барлық төртінші билік өкілдерінің естеліктерінен танылып тұрды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып өз сөзінде ұстаз ғалымды журналистика факультетінің алғашқы деканы болғанын, қазақ журналистикасының іргетасын бөліп берген, журналистиканы ғылым ретінде қалыптастырған тұлға деп атап өтсе, жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай ұстазының ұрпақ арасында үнемі байланыс сақтап қалуға тырысатынын айтты. Шәкірттер қауымы ұлағатты ұстазды көпшілікпен араласуды сүйетін, студенттерімен сабақтан тыс уақытта да тығыз қарым-қатынаста жүруді ұнататын адам ретінде еске алды.

PS. Журналистиканың тұңғыш профессоры Х.Н.Бекхожин туралы кітап — университет басшылығы мақұлдаған «Өнегелі өмір» сериясымен жарыққа шығатын отырған екінші басылым. Бірінші басылым, заң саласының заңғары Салық Зимановқа арналған болатын. Бүгінгі журналистика факультетінің студенттері Хайыржан Бекхожин кітаптарын оқып, өз біліктіктерін арттыруда. Конференция барысында Бекхожиндер әулеті атынан арнайы тағайындалған шәкіртақы осы факультеттің студенттері Жәния Әбдіқова, Айдана Әбділдаева мен Абдул Абдуллаевтарға табыс етілді. Сонымен қатар Хайыржан Нұрғожаұлы Бекхожин атындағы шәкіртақыны иеленген бұл білімгерлер арнайы құрмет грамотасымен де марапатталды.

Еңлік АҚЖІПТ

Жастарды әлеуметтік қолдау күшейе түсті

(Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда студенттерміздің шығармашылық әлеуетінің күшті орталығына айналып отырған студенттік клубтың ән, би, эстрада, КТК, домбыра, хор, студенттер театры және т.б. үйірмелерінде сабақтан тыс уақытында мыңға жуық студенттер уақыттарын қызықты да пайдалы өткізуде. Олар үшін университет бюджетінен жыл сайын қомақты қаржыға түрлі сахналық костюмдер тігіліп, жаңа аспаптар сатылып алынуда. Бұлар да студент жастарға көрсетіліп отырған күшті әлеуметтік қолдау болып табылды. Биылғы жылдан бастап жаңа сатыға көтерілген куратор-эдвайзерлер жұмысы да білім беру ісіндегі әлеуметтік әріптестікті күшейткені белгілі. Студенттік өзін-өзі басқару мен ғылыми-танымдық және шығармашылық үйірмелердің жұмысын клубтық формада үйлестіруде студенттердің білім алуы мен ғылыми-шығармашылық әлеуетін арттыруға ғана емес, олардың әлеуметтік көңіл күйін де үнемі жоғары күйге бағыттауға мүмкіндік беріп отыр.

М.С.НОҒАЙБАЕВА,
Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ф.М.Мұтановтың 2011 жыл 22 ақпандағы №4-384 бұйрығымен 2010-2011 оқу жылына (көктемгі семестр) күндізгі бөлімнің төмендегі 2-4 курс студенттерінің оқу төлемақысына жеңілдіктер жасалды:

25 % жеңілдік, GPA 4,0 бойынша:

1. **Нурлыбекова Айгерім Жақсылыққызы** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс.

15 % жеңілдік, GPA 3,67 - 4,0 бойынша:

1. **Тлеуова Мадина Бахитқызы** — биология факультеті, «Биология» мамандығы, 2 курс;
2. **Нұрбаев Алматы Болатович** — экономика және бизнес жоғары мектебі, «Қаржы» мамандығы 2 курс;
3. **Шалдыбаева Сәкіш Есенбекқызы** — экономика және бизнес жоғары мектебі, «Қаржы» мамандығы 2 курс;
4. **Әбдіғаниқызы Ақтоты** — журналистика факультеті, «Баспа ісі» мамандығы, 2-курс;
5. **Налдибекова Айгерім Раисовна** — журналистика факультеті, «Баспа ісі» мамандығы, 2-курс;
6. **Камали Назгуль Казбекқызы** — журналистика факультеті, «Журналистика» мамандығы, 2-курс;
7. **Қарибаева Айжан Берекетовна** — журналистика факультеті, «Журналистика» мамандығы, 2-курс;
8. **Мондыбаева Арайлым Бақдаулетовна** — журналистика факультеті, «Журналистика» мамандығы, 2-курс;
9. **Садуақас Айғаным Абайқызы** — журналистика факультеті, «Журналистика» мамандығы, 2-курс;
10. **Уқатаева Бекзада Бекенқызы** — жур-

налистика факультеті, «Журналистика» мамандығы, 2-курс;

11. **Буенбаева Зарина Қайратқызы** — журналистика факультеті, «Журналистика» мамандығы, 2-курс;
12. **Мисина Сабина Есенжоловна** — халықаралық қатынастар факультеті, «Халықаралық қатынастар» мамандығы, 4 курс;
13. **Черникова Мария Григорьевна** — халықаралық қатынастар факультеті, «Халықаралық қатынастар» мамандығы, 4 курс;
14. **Кенжебаева Әсем Тонтайқызы** — халықаралық қатынастар факультеті, «Аймақтану» мамандығы, 2 курс;
15. **Жақыпбек Айгерім Айдарбекқызы** — философия және саясаттану факультеті, «Әлеуметтану» мамандығы 4 курс;
16. **Жук Вероника Викторовна** — философия және саясаттану факультеті, «Психология» мамандығы, 2 курс;
17. **Мұхамбетова Акмарал Женисовна** — философия және саясаттану факультеті, «Психология» мамандығы, 2 курс;
18. **Тағанова Нургуль Қуанышқызы** — философия және саясаттану факультеті, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы, 2 курс;
19. **Абдиманапова Несибели Ысабековна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
20. **Абсаматова Гулнәз Ерлановна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
21. **Адилова Назерке Ершатовна** — заң

- факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
22. **Әлімбаева Ботакөз Шынайдарқызы** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
23. **Жанарқұлова Нәзира Кенжетайқызы** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
24. **Жунисова Гулнур Бейсегалиқызы** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
25. **Қужабеков Болат Қайратұлы** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
26. **Наутиев Бекарыс Жандарбекович** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
27. **Оңдәшұлы Елнұр** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 2 курс;
28. **Абулкаирова Динара Темирбулатовна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 3 курс;
29. **Ақбулатова Жадыра Сағиновна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 3 курс;
30. **Бекишева Айгерім Ганиевна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 3 курс;
31. **Килибаева Айша Исабековна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 3 курс;
32. **Сердюкова Яна Александровна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 3 курс;
33. **Амиржанова Айгерім Нурсатовна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 4 курс;
34. **Утегенова Жазира Абдурашидовна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 4 курс;
35. **Утепкалиева Айгерім Файзуллаевна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 4 курс;
36. **Шақманова Айгерім Болатовна** — заң факультеті, «Құқықтану» мамандығы, 4 курс.

(Басы 1-бетте)

“Мен арумын, әйелім әлемімнің,
Несімін махаббат әлемінің,
Күлкісі – Күн, Жаны – Ұя.”

Сәлемі – Ән,

Мен Арумын – Әлемнің Анасымын!”

– дейді дәл осы кезде сахна төріне шығып, кимешек киген кейуана. Аяулы ана жүрегінен жылылық нұрын сеуіп, көктем келгенін, табиғат көріктене бастағанын, мейірім мен бауырмалдықты бір насихаттап өткендей болды. Ән мен сахнаның әйлесімділігі ананың ақ сүті, ана алақаны, ана жүрегі, ана махаббаты деген құдіретті күшке тағзым мен інкөрлік арттырды. Сарай ішіндегі қолпаштау мен ыстық ықылас та тура осы мезетте тіптен қалындай түсті.

Салтанатты кештің мерекелік шымылдығы Студенттер сарайының қызметкері Юрий Копновтың орындауындағы “Асыл ана” әнімен ашылды. Ән арқылы ана мейірімі мен даналығын бір әспеттеп алғаннан кейін кезек суырып салма ақындарымыз Рүстем Қайырғай мен Біржан Байту арасындағы қазақтың ұлттық айтыс өнеріне берілді. Мұнда орақ тілді, от

мия саласының майталманы. Бірақ бәрін бүгін киелі сахнаға бір құдіретті күш басын қосты. Ол – анаға деген махаббаттың, аруларға деген, жарға деген сүйіспеншіліктің асыл тұнығы. Осы орайда факультет декандары Виталий Сальников (география), Жөкен Таймағамбетов (тарих), Кәрімжан Шакиров (халықаралық қатынастар), Уәлихан Әбдібеков (механика-математика), Баходир Алиев (физика), Ердос Оңғарбаев (химия), Дәулет

риям Жагорқызының әні «Дудар-ай» тыңдалып, факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі декандарынан құралған ерлер тобының мерекелік қалжыны мен тапқырлығы көрерменді күлкіге орады. Университет оқытушысы Төлеген Меркебаев Ливерпуль Четвертін әні «Yesterday»-ді орындағанда ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушыға ризашылық білдірді. Әсем ән мен тәтті күйге баурап, көрермен қолпаштауы ұзаққа



“Күлкісі – Күн, Жаны – Нұр, Сәлемі – Ән, Мен Арумын – Әлемнің Анасымын!”



аузынан шыққан орамды сөздер әйел азаматының құдіреттілігі мен көркем мінезін, табандылығы мен даналығын бір саралап өтті.

Жүргізушілердің айтуынша, қара шаңырақ ҚазҰУ-да бүгінде үш мыңға жуық арулар қызмет етеді екен. Ендеше, халықаралық әйелдер күні мерекесінде университет серілерінің аруларға арнап ән салуы орынды-ақ. Дәл осы жерде ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұқамбетқали Бүркітбаев, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов және экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Евгений Аннин орындауларындағы Леонид Утесовтің «Как много девушек хороших?» әнінің шырқалуы сәтті шықты. Ал, механика және математика факультетінің профессоры Құрмет Қабдықайыров Абайдың әні «Көзімнің қарасын» нақашына көңірге орындағанды құллы бір, студенттер алында дәріс оқып жүрген ғалымнан бұрын, киелі сахнада өнер көрсетіп жүргендей әсер етті көрерменге. Салтанатты кеште қазуулық ер азаматтар оңіз қырлы, бір сырлы серілер қатарынан екендігін айыбай дәлелдеп бақты. «Кыздар, қыздар сүлу қыздар, некең гажал сұлу қыздар» деп Ғылым және инновациялық азымет жөніндегі проректор Айдар Сүлейменұлы Әсетов әнді әулеткенде арулар ризашылықпен ішек болмады. Аналар мейрамы, арулар мейрамы өз кезегінде тосын жаңалықтарға толы болып, жағымды сыйларға ұласып жатты. Бірі заңгер, бірі математик, бірі тарихшы, бірі география, бірі хи-



Байделдинов (заң) бірге шығарған “Сүлу қыз” әні көрерменнің көңілін асыра түсті. Бұл орындауды “Дос-Мұқасан” тамашалағанда тандымсыз жасыра алмай ризашылықпен жеткізер еді. Физика факультетінің доценті Александр Итанин мен Александр Куприянов Монт «Чарлаш» туындысымен аруларға деген құттықтарын жеткізе, Ә.Ғ.А философия және саясаттану факультеті әлеуметтану кафедрасының профессоры Михаил Пузиков өз шығармашылығынан жыр оқыды.

Ал дәне тәрбиесі және спорт кафедрасының оқытушылары орындаған заманауи үлгіге нәзікделген «Сюрприз» бірі сарай ішін әрі танғаларын, әрі мерекелік көңіл күйге баулады.

Бұдан кейін, механика-математика факультетінің аға оқытушысы Болит Әбеновтың орындауында Ма-

созылған “Шоқ кыздар” әні сарай ішін бір серпілді. Эстрада әншісі Бейбіт Қорғанның орындауындағы бұл әнді кеште ҚазҰУ Баспасөз қызметінің жетекшісі Дәурен Дүйсебаев, “Қазақ университеті” газетінің Бас редакторы Дәрмен Смаиыл және Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Бақытқали Көшпенбетов орындап шықты. Көңіл күйге бір бөлшеген көрермен одан кейін әскери жастар орындауындағы «Дружба» әнін амашалады.

Бірінен бірі озып, көктем мерекесін ҚазҰУ-да бірге мерекелеген бұл кеш ұжымдық берекені, қызметтік мәдениетті, бірлікті танытқандай болды.

Мерекелік салтанаттан көрермендер қимай тарасып жатты.

Жүргізушілер Ғалымжан Сайлаубеков пен Медет Аманбаев:

“О, аналар осындайсың бәрің де
Осындайсың жасың дағы кәрің де,
Болса әлемде сыйынатын құдірет
Сыйынар ем Ана деген тәңірге”,

– деп жырлаған ақын өлеңінен үзінді оқып, Ана деген құдіретке бас иіп, тағзым етіп, келесі кездескенше амандық-саулық тілесті. ҚазҰУ арулары университеттің ер азаматтарының өнеріне марқайып, ризашылықпен тарасты.

Осылайша, 8 наурыз көктем мерекесіне арналған салтанатты кеш ҚазҰУ-да қалыптасқан ұжымдық мәдениетті арттыра түсті. ҚазҰУ ұжымындағы ерлер тарапынан кеште аналарға, аруларға, нәзік жандарға арналып өлеңдер оқылуы, жыр жырланып, ақындардың әйел тақырыбына арналған сатиралар тыңдалуы, сонымен қатар серілеріміздің заманауи би билеп, көңілді өзідермен бөлісуі өнерді ардақтап, өнер арқылы аналардың мерейін арттыру болып табылды.

Сарай ішіндегі көрермендердің қалың қолпаштауы мен ыстық ықыласы «жұмақ – ана табанының астында» деп аяулы да асыл жандардың мейрамын ұлықтап, мерекелік көңіл күй сыйлаған қазуулық азаматтарға «біздің ауыл жігіттері – жігіттердің төресі» деген ризашылық танытып тұрды.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА



Конкурс на лучшую студенческую работу

В апреле стартует конкурс на лучшую научную студенческую работу: «Становление и развитие суверенитета Республики Казахстан: правовые аспекты», который проводят Институт государства и права и юридический факультет КазНУ.

Конкурс проводится в рамках мероприятий, посвященных 20-летию независимости Казахстана.

Основная цель мероприятия – стимулировать студентов осознанно и с интересом заниматься научной работой, вырабатывать в себе качества исследователя и лидера, учиться работе с научными источниками, грамотному изложению мыслей с применением соответствующих научных методов познания.

Оценивать работы студентов будет конкурсная комиссия, в состав которой вошли ведущие профессора и доценты юридического факультета, кафедры международного права и научные сотрудники Института государства и права.

Особое внимание конкурсная комиссия будет уделять на выбор темы студенческих работ. Главными критериями определены - актуальность темы научной работы, способы и методы ее раскрытия, собственные выводы и предложения автора, которые должны представлять определенный интерес для правовой науки.

Лучшие работы будут отмечены сертификатами и ценными призами, а также опубликованы в журнале «Вестник КазНУ имени аль-Фараби» (юридическая серия), «Вестник Казахстанской ассоциации международного права».

В заключение хочется выразить надежду, что подобные конкурсы получают поддержку со стороны как студенчества, так и профессорско-преподавательского состава, который будет с большим энтузиазмом и желанием работать со студентами, прививая им любовь к научно-исследовательской работе.

А.А.Салимгерей,
Директор Института государства и права КазНУ имени аль-Фараби,

М.Б.Кудайбергенов,
Старший научный сотрудник Института

КЛУБ

Мукагали Макатаев в клубе «Tarzhiman club»

В честь 80-летия со дня рождения Мукагали Макатаева в клубе «Tarzhiman club» прошел вечер поэтического перевода «Стихи Мукагали Макатаева в наших сердцах», организованный членами клуба, студентами второго курса филологического факультета.

Ведущими мероприятия были Фариза Калжанова и Айдана Крбаева. Студенты И.Смагулова, А.Аязбаева, А.Султангалиева, А.Журсин, А.Алматова и А.Байкадамова прочитали стихи великого поэта. Вниманию гостей и участников вечера была представлена слайд-презентация экспонатов из музея поэта, прозвучали песни «Саржайлау» и «Жаңбырда».

Студентами впервые были сделаны переводы стихов поэта на английский и китайский языки. Например, Д.Ембергенов перевел стихи поэта «Двадцать лет» - «Twenty years» и «Шеше, сен бақыттысың» - «Mother, you are happy». Г.Тургумбеков и Х.Искакова перевели на английский язык романтический диалог «Ғашығыма», а студент первого курса А.Амантай перевел это произведение на китайский язык.

В завершение мероприятия руководитель клуба, доцент Ляйля Мусалы, поблагодарила всех участников вечера за активную и творческую работу.

Соб. корр.

СӘТТІ PR-ҚАДАМ

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің қоғаммен байланыс және жарнама кафедрасының он жылдық мерейтойы факультет ішінде апталық ретінде өткізіліп, оның аясында түрлі іс-шаралар жүзеге асырылды.

2001 жылы «БАҚ менеджменті және жарнама» деген атаумен ашылған кафедра 2010 жылдан бастап қайтадан жеке мамандық ретінде бірінші курс студенттеріне есігін ашты.

Осы уақытқа дейін оқу үдерісіндегі дәріс, семинарлармен қатар, кафедра студенттеріне «Тұран Әлем» банкінің баспасөз хатшысы Әділ Досымов, «Тайный советник» компаниясының басқарушы директоры Айнура Ұмаева, «GOOD!» агенттігінің PR-директоры Нұркен Халықберген, «Хабар» телеарнасының продюсері Ержан Сүлейменовтердің көмегімен шеберлік сыныптары өткізілген болатын. Сондай-ақ студенттер Қазақстан және Ұлттық баспасөз клубтарына барып, еліміздегі жетекші PR-агенттіктердің ұйымдастырған іс-шараларына қатысты.

Университет қабырғасындағы жарты жылдың ішінде 1-курс студенттері көп нәрсені меңгергендігін көрсетті. Олар имиджмейкер, дизайнер, оператор, тіпті ди-джеи бола білді. Аптаның басында «PR-прорыв» кинофестивалін өткізген 109-топ шараға жас актер Максим Акбаровты шақырды. Апталықтың жабылу салтанатын өткізу 105-топқа бұйырыпты.

Түрлі-түсті баннердегі 105-топтың



логотипі ұлттық нақыштармен әдемі үйлесіп, көз тартады. Мерейтойға шақыру қағазы да жұмбақ әрі сонылығымен ерекшеленген. Студенттердің өз қолымен жасалған декорация, буклеттер, жарнамалық парақшалар да тыңғылықты еңбектің көрінісі. Көңілді жүргізушілер әр нөмірді жаңаша таныстырып, көрерменді ынтықтыра түсуге тырысты. Мың бұрала билеген бишілер мен жезтаңдай әншілер бір сәтке көрерменді серпілтіп тастады. Бәрінен қызығы оқытушылар мен студенттер арасынан жазып алынған бейне сұрау салуды өзгертіп, қазіргі жастар тілімен айтқанда «подстава» жасауы болды. Сонымен қатар «Золушка» ертегісінің тағы бір нұсқасына осы концертте куә болдық және студенттер PR-дың 500-ден астам анықтамасына тағы біреуін қосты. PR-мамандарының қызметі өте еңбекқор болуды талап ететінін ескерсек, студенттердің «Золушка» ертегісімен астастырған қойылымы өте сәтті ойластырылған.

Шараның соңында кафедра

меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.В. Рожков сөз алып, қазақ тілінде қонақтарға алғысын айтып, тілек білдірді. 2010 жылы «қоғаммен байланыс» мамандығына түскен студенттердің болашақта кәсіби маман болып шығатындығына күмән келтірген жоқ.

«Қазақстанның PR-нарығында қазақ тілді сарапшылардың тапшы екендігі шындық. Еліміздегі осы саланың ұлттық нақыш алып дамымауы да сондықтан. Осы олқылықтың орнын біздің топтың студенттері толықтырады деп сенемін», - деді одан кейін сөз алған топ эдвайзері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Назгүл Шыңғысова.

Апталықтың жабылу салтанаты 105-топ студенттерінің өздері шығарған қоғаммен байланыс және жарнама кафедрасының әнұранын орындауымен аяқталды.

Толғанай БАЙЫСБЕКОВА,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

КОНКУРЕНТНОСПОСОБНОСТЬ

Формирование системы менеджмента качества университета

(Начало на 1 стр.)

Были определены требования к SMK вуза, включающие соответствие современному уровню мировых достижений; практичность, компактность, эффективность; возможность сертификации в международных системах. В процессе внедрения системы менеджмента качества в деятельность университета разработаны ответственность и полномочия сотрудников вуза. Начата работа по изучению требований и удовлетворенности внешних и внутренних потребителей образовательных услуг. Ведется постоянный консалтинг в области разработки и внедрения системы менеджмента качества в структурных подразделениях университета. Активно идет работа по приведению к единым требованиям и формам аналитической, планирующей, отчетной документации университета.

Формируя элементы SMK, мы идем от разработки идей, методик и технологий к опытному опробованию, анализу результатов, подготовке персонала к инновации и,



наконец, внедрению. Многократное обсуждение политики, концепций, программ в коллективах, на собраниях, советах, опубликование в открытой печати, ознакомление с результатами внутренней и внешней экспертизы, привлечение к участию в научных конференциях и семинарах по проблемам качества – единственно правильный путь в этом направлении.

Ажар ЖОЛДУБАЕВА,
доктор философских наук,
доцент кафедры культурной антропологии ФФИП

ЭКОЛОГИЯ

«GREEN WAY» экологиялық қозғалысына сұраныс артып отыр

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің «Green Way» экологиялық қозғалысы «ЭКОЧАШКА» атты экология тақырыбындағы кинолар фестивалін ұйымдастырушылардың бірі болып отыр.

«ЭКОЧАШКА» қазақстандық көрермендерді экология тақырыбындағы шет елдік фильмдермен таныстыратын жалғыз фестиваль. Бұл фильмдердің басты ұстанымы «өмір экологиясы» тақырыбы. Фестиваль барысында көрермен назарына ұсынылатын барлық фильмдер Қазақстанда тұңғыш рет экранға шықпақ. Олар халықаралық фестивалдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болған туындылар. Біз бұл фильмдерді сіздердің назарларыңызға ұсына алатынмызға қуаныштымыз. ҚазҰУ студенті, табиғат жанашыры ретінде сен де бұл мерекеден тыс қалма!

Өз тілшімізден

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – **Дәрмен СМАЙЫЛ**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
Редакторлар – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,**
Уәли ҚЫДЫРОВ
Беттеуші – **Талғат АХМЕТҚАЗЫ**
Фототілші – **Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ**

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: **377-35-20.**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Индексі **65989.**
Тапсырыс №**10161**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.